

**"Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 83 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 312 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 389 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2021 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 83 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 14, 251-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу қағидаларында:

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қауымдастық құрылтайшыларының:

аңшылық шаруашылығын жүргізу, азаматтарды аңшылық минимумына оқыту бойынша үш жылдан кем емес;

аңшылық минимумы бағдарламасы бойынша әдістемелік әдебиетті әзірлеу бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы қажет."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

С. Ахметов